**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Тексерілді:** Ұстаз

**Білім беру ұйымы: №8 орта мектебі**

**Мектепалды сыныбы:** МАД"А"

**Балалардың жасы :** 5жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 04.09.-08.09. қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Мамбетова К.Ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекет) | | | | |
| | Балалармен бірге : «**Жазғы демалыс**»күндерін қалай өткізгені туралы диалог құру.<br>**Міндеті**: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға. сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңбер құрып дөңгеленіп отырады . Педагог допты дөңгелетіп бір балаға бағыттап жібереді . Саған жазғы демалыс ұнады ма?<br>Жазғы демалысыңдағы ең қызықты сәтті әңгімеле<br>Допты алған бала өзінің жазғы демалысы | **№1.Д/О**:«Қай жерде не бар?»<br>**Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде)<br>**Ойын барысы:** Балалар жан – жағына бағдарлап қарап алады сосын көзін жұмып отырады. Педагог сыныптағы ойыншықтардың орнын ауыстырады. Балалар ойыншықтардың орналаскан жерін атайды. Қуыршақ конжықтың жоғарғы жағында , коян қуыршақтан төмен орналаскан . Конжықтың оң жағында доптар тұр , сол жағында машина орналаскан т.с.с<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды** | **Балалармен бірге «**Менің жаңа достарым» тақырыбында әңгімелесу өздерінің сыныпта танысқан достары туралы т.б. сұрақтар)<br>**Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог балаларға « Менің досым» әнін тыңдатып , әннің мазмұнын сұрайды. Балалар өз пікірлерін білдіреді. Педагог балаларға қолындағы жүрекшені ұсынады. Жүрекшені алған бала өзінің жаңа досына ұсынып досын ортаға алып шығып : « Менің жаңа досым Ибрахим» т.с.с .Педагог , балалар сұрақ қойып ойынды жалғастырады.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Еркін ойын: «** Не дұрыс ,не бұрыс?»<br>**Міндеті:**Үйдегі, мектептегі міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету<br>**Ойын барысы:**Педагог балаларға допты лақтырып, «Достарымен тату болу», « Сыныптағы заттарға ұқыпты қарау » , «Ойыншықтарын жинап қою» , « Өз киімдерін жинап қою» , « Достарымен ойыншыққа таласу »т.с.с Допты қағып алған бала жауаптың «дұрыс» немесе «дұрыс еместігін» ажыратып атайды<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды , коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Қимылды ойын:** « Бос орын»<br>**Міндеті:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберді малдас құрып отырады. Қолына қамшы ұстаған жүргізуші ойыншылардың қасына тоқтайды және қамшыны соның артына қойып кетеді. « Бұл жер тар , өз орныңды тап! » деген сөздерді айтады. Ойыншы қамшыны алады және жүргізушіні қуады. Жүргізуші сол ойыншының орнына отырып алуы тиіс . Егер отырып алса , ойыншы ойынды жүргізеді.<br>**(Физикалық қасиеттерді дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы әңгімелеп допты келесі балаға домалатып жіберіп -Абдуали сенің жазғы демалысың қалай өтті? т.с.с жалғастырады **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **дамыту)** | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,әңгімелесу** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер | | | | |
| | Ата- анамен «Күн тәртібін сақтау» тақырыбында әңгімелесу. | Ата-анаға : «Қауіпсіздік ережелері» туралы баламен үйде сөйлесуді ұсыну | Ата-анамен: «Баланың ойыншықтар бұрышы» тақырыбында сөйлесу | Ата-анамен балаларды жыл мезгілдеріне сәйкес киіндіру туралы әңгімелесу | Ата-анамен баланың жетістіктері туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **№2.Д/О**: «Түсін ажырат» **Міндеті**: Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру Түрлі түсті пішіндер арқылы балаларға сары,қызыл,көк,жасыл түстерді ажыратуды үйрету **Ойынның барысы:** Педагог балаларға әртүрлі түрлі-түсті пішіндерді ,түрлі –түсті ыдыстарды береді. Балалар музыка тоқтағанша белгіленген уақытта пішіндерді түстеріне қарай ыдыстарға салады, пішіндерді атайды **(шығармашылық , физикалық қасиеттерді, таным дағдыларын, зерттеу іс-** | **№3.Д/О:** « Жаңбыр» **Міндеті:** Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыратабілуге жаттықтыру **Ойынның барысы:** Музыка естіледі. Балалар бөлмеде секіріп жүреді. Педагог музыканы тоқтатқан кезде балалар едендегі фигураларға «үйшікке » тығылады және өзінің үйшігінің қандай фигурадан құрастырылғанын айтады. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, физикалық** | **№4.Д/О**: «Айна» **Міндеті**: Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауға баулу **Ойынның барысы:** Әр бала «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **№5.Д/О:** «Сиқырлы қылқалам» **Міндеті:** Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білуге үйрету Сурет салуға деген қызығушылығын ояту. **Ойынның барысы:** Педагог балалардан қандай ертегіні сүйіп тыңдайтынын, қандай ертегіні жиі қарайтыны туралы әңгімелерін тыңдап балаларға қаламдар таратып береді және оның жай қалам емес сиқырлы қалам екенін бұл қалам арқылы өздерінің | **Қимылды ойын**: «Түйілген орамал» **Міндеті**: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзгетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру **Ойынның барысы:** Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды.Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды.Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады.Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды.Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі.Осылайша ойын жүргізіледі,түюлі орамалды алғанша қуалайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекетін дамыту)** | **қасиеттерді дамыту )** | | сүйікті ертегілерін бейнелеуді ұсынады. Балалар өздерінің сүйікті кейіпкерлерін бейнелейді **(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | Одан кейін ойын, жүргізуші ауыстырылады.Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады **(физикалық қасиеттерді дамыту** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **№6.Д/О:** «Көшеден қалай өтеміз?»» **Міндеті**: Жол белгілерін білуге, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге, жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтауға үйрету **Ойын барысы**:Балалар көлік жүргізушілер, жолаушылар болып бөлінеді.Қойылған белгілерге сай бір –біріне жол беріп көшеден өтеді **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** | **№7.Д/О**:«Ғажайып қоржын» **Міндеті:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту **Ойын барысы:** Балаларды заттарды қолдары мен, сипап тиісті қасиеттеріне қарай ажыратып атайды **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **№8.Д/О:** «Кімге не керек?» **Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар, мектеп қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға баулу **Ойын барысы:** Балалар әр маманға қажетті құралды қыстырғышты суреттер арқылы сәйкестендіреді **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** | **Қимылды ойын:** «Допты досыңа лақтыр» **Міндеті:** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу **Ойын барысы:**Балалар бір-біріне қарама қарсы тұрады. Допты алған бала қарама-қарсы тұрған балаға лақтырады. Қарама-қарсы тұрған бала қағып алып,әрі қарай жалғастырады **(физикалық қасиеттерді дамыту** | **Еркін ойын:** «Қай топ шапшаң?» **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйрету **Ойын барысы:**Балаларға көкөністер мен жемістер салынған себет беріледі. Педагог балаларға көкөністер мен жемістерден аталған сандар бойынша музыка аяқталғанша жиын құрастыруға тапсырма береді. Балалар тапсырма бойынша жиындар құрастырады **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, физикалық қасиеттерді дамыту )** |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған, іс-әрекет** | **1**.Сауат ашу негіздері **2**.Математика негіздері. **3.**Музыка **4.**Көркем әдебиет | 1. Сөйлеуді дамыту 2. Қоршаған ортамен таныстыру 3. Қазақ тілі. 4. Дене шынықтыру | **1.** Көркем әдебиет. 2.Сауат ашу негіздері. 3.Математика негіздері. 4.Денешынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту. **2.** Математика негіздері. **3**.Музыка. **4**.Қазақ тілі. | **1.**Жапсыру, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу негіздері **2.**Сауат ашу **3**. Қоршаған ортамен таныстыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**«Сәлем саған, мектебім!»**<br>**Міндеті:** Балаларға мектеп туралы түсінік беру, таныстыру, саяхат жасау арқылы балалардың білімге деген құштарлықтарын арттырып, қиялдарын дамыту.<br>**Жаттау.**<br>Білім күні, біл мұны,<br>Ойға сәуле шашады.<br>Баршамызға бұл күні,<br>Мектеп есік ашады.<br>**№1.Д.О. «Оқушыға не қажет?»**<br>**Міндеті:** Оқушыға қажетті оқу құралдарды ажырата білуге үйрету. Балаларды оқу құралдарын күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Үстел үстіне оқу құралдары мен ойыншықтар араластырылып қойылады. Балалар сөмкеге оқу құралдарын | **№1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**«Мектеп-алтын бесік»**<br>**Міндеті:** Балалардың мектепке, оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру, қалыптастыру.<br>**Барысы:**«Мектеп-алтын бесік» сурет бойынша әңгімелеу.<br>Міне, сен асыға күткен мектебіңе келдің. Мектеп қоңырауының сыңғырын алғаш естіп, есігін аштың мектепте өзіңе көп достар таптың. Саған білім беріп, түрлі асулардан өтуге көмектесетін ұстазыңмен таныстың. Енді сендер білім кемесінде жүзіп, оқып білім аласыңдар.<br>**Ән айту.** «Оқып біліп үйренеміз» **2.Д.О. «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»**<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**Жылулық шеңбері:**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бір-біріне жақсы тілек, жылы лебіздерін білдіреді.<br>Жұмбақты шеш.<br>Білімнен мол сый-асы,<br>Балғындардың ұясы.<br>(мектеп).<br>Ұшымен қазық,<br>Торкөзді жазық.<br>Үстіне өттім,<br>Асыл сөз жазып.<br>(дәптер).<br>**«Ұстаз бен шәкірт»**<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**Барысы:**Мақал-мәтелдерді жаттайық.<br>Оқу-білім бұлағы.<br>Оқу түбі-тоқу.<br>-Адамға білім не үшін қажет?<br>-Білімді болу үшін адамға қандай қасиеттер қажет деп ойлайсыңдар?<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, төменде). Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балаларды бір-біріне көмек колын созуға,бірлесіп келісіп ойнауға,бір-біріне қамқор болуға баулу<br>**Ойын: «Кәне дос боламыз!»**<br>**Міндеті:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балаларды бір-біріне көмек колын созуға,бірлесіп келісіп ойнауға,бір-біріне қамқор болуға баулу<br>**Ойын барысы:**<br>Бір, екі, үш, оңға бұрыламыз.<br>Бір, екі, үш дауыстап айтамыз.<br>Кәне, дос боламыз!<br>(балалар бір-бірімен қол беріп амандасады).<br>Бір, екі, үш, солға бұрыламыз.<br>Бір, екі, үш дауыстап айтамыз.<br>Кәне, дос боламыз!<br>(балалар бір-бірімен қол беріп амандасады).<br>Мектепте.<br>(сурет бойынша әңгімелеу, қойылған сұрақтарға жауап беру).<br>-Мектепте кімдер жұмыс істейді?<br>-Саған қай пән көбірек | **4.**Дене шынықтыру.<br>. **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**№ 4.Д.О. «Сөйлемді аяқта»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім сөйлемнің басын бастайды, балалар аяқтайды.<br>-1 ші қыркүйек..... (Білім күні).<br>-Балалар мектепке.... (келді).<br>-Мектепке келгенде алғашқы келгенде кіммен таныстың? (ұстазыммен).<br>-Маған мектепте оқыған... (ұнайды).<br>-Менің оқу құралдарым...(оқу құралдарды атау).<br>-Мен оқу құралдарымды... (таза, ұқыпты ұстаймын).<br>**№ 5.Д.О. «Сиқырлы қалта»**<br>**Міндеті:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог ортаға сиқырлы қалтаны қойып, балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы затты алғызады. Балалар алған затты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинап, артық заттардың атын атау керек.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, төменде). Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуін бекіту<br>**№1.Д.О. «Математика әлемі»**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, төменде).<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларды математика әлемімен таныстыру, математика еліне саяхат жасау.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды** | туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Мереке, білім, мектеп, оқушы, мұғалім, қоңырау-деген тірек сөздерді пайдаланып және жетекші сұрақтар арқылы әңгіме құрастыру<br>-Балалар мектепке не үшін барады?<br>-Мектепте оқитын баланы кім деп атайды?<br>-Мектепте қоңырау не үшін соғылады?<br>Боямақ. «Қоңырау»<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Бала, оның отбасы, үйі.<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>**Сөздік ойын: «Тамаша** | затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуін бекіту<br>**№1.Д.О. «Математика әлемі»**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, төменде).<br>**Ойын барысы:** Балаларды математика әлемімен таныстыру, математика еліне саяхат жасау.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Міндеттері:**Негізгі қимылдар.<br>Жүру: аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.<br>**№2.Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»**<br>**Міндеті:** Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдар! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп | ұнайды? Неге?<br>-Сен мектепке қалай жиналасың?<br>-Сенің мектепте достарың бар ма?<br>- Достарыңды ата.<br>-Сыныптың ішінде нелер бар?<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Жиын.<br>«Бір» сөзінің мағынасы ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**№2.ДО. «Біреу-көп»**<br>**Міндеті:** Жиын.<br>«Бір» сөзінің мағынасы ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі. Балалар ең алдымен оларды топтастырады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.<br>**№1.Д.О. «Математика әлемі»**<br>**Міндеттері:** Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: | сипаттайды.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Бала, оның отбасы, үйі.<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>**Сөздік ойын: «Тамаша күн!»**<br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>Байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Күз мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**№1.Д.О. «Менің отбасым»**<br>**Міндеті:** Бала, оның отбасы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>**«Математика елі»** ертегісін балаларға оқып беру.<br>**Ән айту:** «Санау әні»<br>**3.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>Бірге жаттаймыз.<br>Қоңырау.<br>Қоңыр күздің дауысы,<br>Күмбіркүмбір етеді.<br>Қоңыраудың дауысы,<br>Сыңғыр-сыңғыр етеді.<br>Қоңырау не үшін қажет?<br>Ән айту. «Қоңырау»<br>Әні: С.Шынымов.<br>Сөзі: Н.Әлімқұлов. | **күн!»**<br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын молайту, Байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Күз мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**№1.Д.О. «Менің отбасым»**<br>**Міндеті:** Бала, оның отбасы, үйі.<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, | ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>**(Физикалық қасиеттерді дамыту)**<br><br>**4.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа,мәнерлеп,интонациямен айту<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Алақанымызды ұрамыз»**<br>**Міндеті:** Зейінділікті, баланың танымдық белсенділігін дамытуды арттыру.<br>**Ойынның барысы:** Балалар шеңбер бойында тұрады. Мұғалім балаларға оқу құралдарды атаған кезде бірден алақандарын ұру керек екенін айтып түсіндіреді. Ал егер ойыншықтарды атаған кезде аяқтарып топ-топ басады. Егер балалардың бірі қателессе, ойын қайтадан басталады | заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, төменде).<br>**Ойын барысы:** Балаларды математика әлемімен таныстыру, математика еліне саяхат жасауды жалғастыру.<br>**№3.Д.О.«Ертегі кейіпкерлерін таны»**<br>**Міндеті:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады. «Математика елі» ертегісін еске түсіру. Ертегінің мазмұнын айту.<br>**№4.Д.О. «Бауырсақ ертегісі»**<br>**Міндеті:** Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойынның барысы:** Ертегі кейіпкерлерін атайды, ертегідегі әр кейіпкердің мінезін сипаттайды.<br>**Математикалық боямақ.** | үйі.Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым.....(тату).<br>-Менің отбасым.....көнілді).<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды)**<br><br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Міндеттері:**Негізгі қимылдар.<br>Жүру: тізені жоғары көтеріп жүру; заттардан бір қырымен аттап жүру; тізені жоғары көтеріп жүру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.<br>**І.Ұйымдастыру кезені:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**<br>**4.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:**<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**№ 2.Д.О. «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»**<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Мереке, білім, мектеп, оқушы, мұғалім, коңырау-деген тірек сөздерді пайдаланып және жетекші сұрақтар арқылы әңгіме құрастыру<br>-Балалар мектепке не үшін барады?<br>-Мектепте оқитын баланы кім деп атайды?<br>-Мектепте коңырау не үшін соғылады?<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым.....(тату).<br>-Менің отбасым.....көңілді).<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды)**<br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Міндеті:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Барысы:**<br>Білім менің ертеңім,<br>Өсу үшін өркенім. | | <br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)**<br>**3.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>**Қоңырау.**<br>Қоңыр күздің дауысы,<br>Күмбірқүмбір етеді.<br>Қоңыраудың дауысы,<br>Сыңғыр-сыңғыр етеді.<br>Қоңырау не үшін қажет? | Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз.<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. «Айгөлек»**<br>**Міндеті:** Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту. Ауызша дабылдар (есімдері) бойынша әрекет ету.<br>**(Физикалық қасиеттерді дамыту)**<br>**4. Сурет салу.Мүсіндеу,Жапсыру,Құрастыру.**<br>**Міндеттері:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (боягышта акварельді сумен араластыру, кажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін карындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.<br>**№1.Д/О:"Түстер әлемі"**<br>**Міндеті:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (боягышта акварельді сумен араластыру, кажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін карындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жүзем оқу айдынында,<br>Жайып білім желкенін.<br>**Тыныштық сәті.**<br>Баяу ойналатын музыка әуенімен балалар көздерін жұмады. «Көз алдымызға мектепті елестетіп көрейік. Қоңырау үні, сөмке көтерген балалар, парталар, тақталар, кітаптар. Не деген керемет!»<br>Парта үстінде оқу құралдары жатыр. Көздерін ашады. Балалар өз ойларын айтады.<br>Жұмбақтың шешуін кім тез табады?<br>Бетін адам ашады,<br>Білім нұрын шашады.<br>(кітап).<br>Із қалдырып үнемі,<br>Тұмсығымен жүреді.<br><br>(қалам).<br>Тілі жоқ өзінде,<br>Сөзі бар өзінде.<br><br>(қалам).<br>Қате жазып жаңылсаң,<br>Тазалайды бар сап.<br>(өшіргіш).<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>**Қимылды ойын: «Өз түсіңді тап»**<br>**Міндеті:** Түстерді ажырата білуге үйрету. | | Ән айту. «Қоңырау»<br>Әні: С.Шынымов.<br>Сөзі: Н.Әлімқұлов.<br>**(Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)**<br>**4.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**№ 3.Д.О. «Сен жасыр, біз табамыз»**<br>**Міндеті:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар көздерін жұмып отырады. Педагогтің белгісімен бір бала ортаға шығып, суреттердің ішінен оқу құралдарының бірін алып немесе ойыншықты таңдап, атын атамай сипаттайды. | бағалау.<br>**Ойын барысы:**<br>-Қандай түстерді білесіңдер?<br>-Сурет салған сендерге ұнай ма?<br>-Кемпіркосақтың неше түсі бар?<br>Кемпіркосақ- жеті әдемі түстен құралған. Кемпіркосақ жеті доғадан тұрады. Кемпіркосақ жақын көрінгенмен оған жету мүмкім емес. Өйткені оған жақындаған сайын ол алыстай түседі.<br>Кемпіркосақтың түстері: қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін.<br>Жұмбақты шеш.<br>Жаңбыр жауып басылды.<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Қызыл-сары, жасылды,<br>Көкте бір зат асылды.<br>(кемпіркосақ).<br>Балалардың жұмысы: Кемпіркосақтың суретін саламыз.<br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Ойын барысы:** Балалар төрт топқа бөлініп, төрт түрлі шарлар ұстайды. Ортаға төрт түске боялған төрт шығыршық қойылады. Музыка аяқталғанда әрқайсысы өздерінің түстеріне сәйкес шығыршыққа жиналуы қажет. Қай топ тезірек жиналса, сол топ жеңіске жетеді. **(Физикалық қасиеттерді дамыту)**<br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>Жаттығу жасау:<br>**«Кел билейік, балақай!»**<br>**№1.Қимылды ойын:** | | Балалар жасырған затты табады. айтулары тиіс. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Кетіп қалған кім?»**<br>**Міндеті:** Балалардың қимыл қозғалыс,бақылағыштығын дамыту. Балаларды аңғарымпаздыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар дөңгеленіп тұрады, көздерін жұмады. Мұғалім баланы жасырады. Балалар көздерін ашқанда кімнің кетіп қалғанын табады. **(Физикалық қасиеттерді дамыту)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін өзі рет-ретімен киіп жинақы жүру.<br>Киіну барысында шағын әңгіме | Қандай ойын түрлері ұнайтынын туралы диалог құру | Күз мезгілінде далада серуендеген ұнай ма? | Аяқ киімнің бауын өзің байлап үйрену қажеттігін әңгімелеу | Жүгіріп ойнап келіп су ішуге бола ма,болмай ма? Балалардың пікірін тыңдау пайдалы кеңес беру |
| **Серуен** | **Серуен №1** "Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау"<br>**Міндеті:**<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>— Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз** А. Сәрсеков<br>Күзгі ауланың талдары<br>Кейде құйын өтеді<br>Желмен басын шайқайды<br>Тозаңдатып жан-жақты | **Серуен №1** "Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау<br>**Міндеті:**<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>— Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз** А. Сәрсеков<br>Күзгі ауланың талдары<br>Кейде құйын өтеді<br>Желмен басын шайқайды<br>Тозаңдатып жан-жақты<br>Дәурен өтіп жаздағы<br>Кейде құйын кетеді | **Серуен №2.Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>**Міндеті:** Табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсінуге үйрету<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>**Еңбек:** Аула сыпырушының еңбегін бақылау<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ**<br>Жиып теріп болатын<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгілде болады?<br>**(күз)** | **Серуен №2..Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>**Міндеті:** Табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсінуге үйрету<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>**Еңбек:** Аула сыпырушының еңбегін бақылау<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ** | **Серуен №3 Ағаштарды бақылау.**<br>**Міндеті:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.<br>**Зерттеу жұмысы: қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.**<br>**Еңбек: Жапырақтарды жинау**<br>Жеке жұмыс: **Мен жерімді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Дәурен өтіп жаздағы<br>Кейде күйын кетеді<br>Күздің желі соғады<br>Доп қылып ап<br>жапырақты<br>Бейне тентек баладай<br>Ойран-асыр салады<br>Алма бағын жағалай<br>Алмаларын қағады<br>Күз мезгілінің аяқ жағын<br>«күміс күз» деп те<br>атайды. Суларда<br>алғашқы жылтыр мұздар<br>пайда болады. Жерге<br>алғашқы күмістей<br>жылтыраған алғашқы қар<br>ұшқындары түседі.<br>Жердегі жапырақтар<br>үстіне конған қыраумен<br>күн сәулесінен күмістей<br>жылтырайды. Күзде күн<br>көзі сирек көрінеді, ауа-<br>райы бұлыңғыр, бұлтты<br>болады. Алғашқы қар<br>түседі, ол бірақ еріп<br>кетуі мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Қыс алдындағы күндерді<br>қалай атайды? (Күміс<br>күз.)<br>Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес,<br>Ағаштар күміс жамылған<br>(қырау)<br>**Еңбек:**Ауладағы<br>қоқыстарды жинау.<br>**Міндеті:** жасаған<br>жұмыстарынан қанағат<br>алуға тәрбиелеу .<br>**Қимылды ойын**<br>:«Бәйге»<br>**Міндеті:**<br>Бір-біріне соқтықпай<br>жүгіруге жаттықтыру ; | Күздің желі соғады<br>Доп қылып ап жапырақты<br>Бейне тентек баладай<br>Ойран-асыр салады<br>Алма бағын жағалай<br>Алмаларын қағады<br>Күз мезгілінің аяқ жағын<br>«күміс күз» деп те атайды.<br>Суларда алғашқы жылтыр<br>мұздар пайда болады.<br>Жерге алғашқы күмістей<br>жылтыраған алғашқы қар<br>ұшқындары түседі.<br>Жердегі жапырақтар<br>үстіне конған қыраумен<br>күн сәулесінен күмістей<br>жылтырайды. Күзде күн<br>көзі сирек көрінеді, ауа-<br>райы бұлыңғыр, бұлтты<br>болады. Алғашқы қар<br>түседі, ол бірақ еріп кетуі<br>мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Қыс алдындағы күндерді<br>қалай атайды? (Күміс күз.)<br>Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес,<br>Ағаштар күміс жамылған<br>(қырау)<br>**Еңбек:**Ауладағы<br>қоқыстарды жинау.<br>**Міндеті:** жасаған<br>жұмыстарынан қанағат<br>алуға тәрбиелеу .<br>**Қимылды ойын :**«Бәйге»<br>**Міндеті:**<br>Бір-біріне соқтықпай<br>жүгіруге жаттықтыру ;<br>Төзімділікке, ептілікке<br>тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Тепе-теңдікті сақтауға<br>жаттықтыру. | **Ұлттық ойын**: «Асық ату»<br>**Өз бетінше ойын әрекеті** | Жиып теріп болатын<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгілде болады?<br>(күз)<br>**Ұлттық ойын**: «Асық ату»<br>**Өз бетінше ойын әрекеті** | **сүйемін**<br>Мен жерімді сүйемін,<br>Жеріме дән себемін.<br>Ауа таза болсын деп,<br>Жылда ағаш егемін.<br>**Қимылды ойын:**<br>« Кетті,кетті орамал»<br>**Өз бетінше ойын әрекеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төзімділікке,ептілікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:** Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>**Міндеті**:Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу | **Міндеті**:Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Еркін ойын: «** Не дұрыс ,не бұрыс?»<br>**Міндеті:** Үйдегі, мектептегі міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балалар дөңгеленіп отырады. Педагог балаларға «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді. Балалар суреттегі жағдай дұрыс болса бас бармақтарын көрсетеді. Дұрыс болмаса бармақтарын төмен түсіреді. Педагог балаларға ситуациялық сұрақтар қояды. Балалардың ойын тыңдайды.<br>**(**қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, | **Үстел үсті ойыны**: «Қайсысы қайда тұрады?»<br>**Міндеті:** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына карай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану<br>**Ойынның барысы:**Балаларға жапсырмалы суреттер беру. Балалар заттарды салыстыру арқылы өз орындарына жапсырады ( математика негіздері танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **Құрылымдалған ойын:** «Жануарларды тауып ата»<br>**Міндеті:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату<br>**Ойынның барысы:** Педагог балаларға жапсырмалы бүктеме береді. Балалар жануарларды өз орындарына тауып орналастырады әңгімелейді.Дауысын ,қимылын салады<br>**(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** | **Үстел үсті ойыны**: «Киіз үйді құрастыр»<br>**Міндеті:**<br>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) Ұлттық құндылықтарды танып білуге үйрету<br>**Ойынның барысы:** Балалар бөлінген қима қағаздардан киіз үйді құрастырады. Киіз үйдің жабдықтарын атайды (құрастыру шығармашылық іс әрекеті,қазақ тілі коммуникативтік іс- әрекет)<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту ,шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **№9.Д/О:** «Кім тез табады?»<br>**Міндеті:** Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білуге үйрету. Үйде отбасы мүшелеріне камкорлық жасауға, үлкендерді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіруге, алғыс айту, сыпайы сөйлеуге баулу<br>**Ойынның барысы:**Педагог отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетеді,балалар тез атай білу керек..Педагог балаларға допты лақтырады,қағып алған бала аталған сөзге сөйлем құрастырады<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту ,физикалық қасиеттерді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ,сөйлеуді дамыту коммуникативтік іс-әрекеті ) **(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Рысбаев Әбілмансұр<br>**1.Сауат ашу негіздері.**<br>**«Сәлем саған, мектебім!»**<br>**Мақсаты:** Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. Баланың білімге деген құштарлықтарын арттырып, қиялдарын дамыту.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**«Менің сүйікті ертегілерім»**<br>**Мақсаты:** Баланың ертегілерге деген қызығушылығын арттыру.<br>«Математика елі» ертегісін оқып беру. | Рысбаев Әбілмансұр<br>**1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**«Менің мектебім»**<br>**Мақсаты:** Баланың мектепке, оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру, қалыптастыру, сурет бойынша әңгімелеу, сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>Бірге жаттайық.<br>Күзгі жапырақтар.<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап. | **Қайсарбек Манарбек**<br>**1.Сауат ашу негіздері.**<br>Қолға қалам аламыз,<br>Әдемі етіп жазамыз.<br>Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Математикалық боямақ.** | **Қайсарбек Манарбек**<br>**1.Сөйлеуді дамыту.**<br>«Менің сыныбым»<br>(сурет бойынша әңгімелеу, қойылған сұрақтарға жауап беру).<br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**«Менің отбасым»**<br>(сурет бойынша әңгімелеу, қойылған сұрақтарға жауап беру).<br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Ойынның міндеті**<br>Дыбыстарды дұрыс айта білуге дағдыландыру.<br>**Д.О. «Дыбыстарды дұрыс айт»**<br>**Ойын шарты:** ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын дұрыс, анық айту. | **Мырзахмет Сезім**<br>**1.Сауат ашу негіздері.**<br>Қолға қалам аламыз,<br>Әдемі етіп жазамыз.<br>Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.<br>**2.Математика негіздері.**<br>Математикалық боямақ.<br>**3. Сурет салу.**<br>Баланың өз қызығушылығы бойынша сурет салу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен мектептің күн тәртібі туралы әңгімелесу | Ата-аналармен: балалардың сыныпқа үйреніскені туралы әңгімелесу | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбында ата- аналармен кеңестер жүргізу | Ата-аналармен әңгімелесу баланың жексенбі күндері таза ауада ойнаудың пайдасы туралы | Ата-аналармен әңгімелесу:баланың жетістіктерін бөлісу |

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Тексерілді:**

**Білім беру ұйымы: №8 орта мектебі**

**Мектепалды сыныбы:** МАД"А"

**Балалардың жасы :** 5жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 11.09.-15.09 қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Мамбетова К.Ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекет) | | | | |
